



## **"Аңсат" фирмасының "Қазақкомфлот" Қазақ акционерлік кеме жүзу компаниясын құруы туралы**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ ӨКІМІ 24 наурыз 1994 ж.  
N 114-ө

1. "Аңсат" фирмасының "Қазкомфлот" Қазақ акционерлік кеме жүзу компаниясын құруы мақұлданды.

2. "Қазкомфлот" компаниясындағы мемлекет мүддесін білдіретін заңды тұлға ретінде Қазақстан Республикасының Көлікмині белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржымині республиканың орталықтандырылған қаржы көзі есебінен "Қазкомфлот" компаниясына акциялардың бақылау пакетін сатып алу үшін Қазақстан Республикасының Көлікминіне 16,5 мың АҚШ долларын бөлсін.

Премьер-министр